



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес
жеке қаржылық есептілік

2026 жылғы 31 наурыз

Мазмұны

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	1
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп	3
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы жеке есеп	4
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5-22

«САМУҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы жеке есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	31 наурыз 2026ж.	31 желтоқсан 2025 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		322.130	309.747
Материалдық емес активтер		1.460.399	1.151.425
Пайдалану құқығы нысанындағы актив		973.355	1.008.907
Еншілес компаниялар мен бірл. кәсіпорындарға инвестициялар	6	675.381.884	674.928.584
Берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар	7	85.458.657	60.020.795
Өзге де ұзақ мерзімді активтер		2.560	2.560
Барлық ұзақ мерзімді активтер		763.598.985	737.422.018
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		22.050	27.508
Берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар	7	53.541.641	70.045.530
Өзге де қысқа мерзімді активтер		3.454.625	6.061.566
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	9	44.163.153	58.896.941
Барлық қысқа мерзімді активтер		101.181.470	135.031.545
Сатуға арналған активтер		41.759.543	41.759.543
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		906.539.998	914.213.106
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	10	538.908.267	538.908.267
Өзге де резервтік капитал		99.678.112	99.678.112
Бөлінбеген пайда/ (Жабылмаған шығын)		26.872.764	30.505.416
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		665.459.143	669.091.795
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен облигациялар	12	122.352.604	124.498.121
Жалдау бойынша міндеттемелер		1.165.276	1.176.381
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		29.440	29.440
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		123.547.319	125.703.942
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен облигациялар	12	34.405.277	48.896.763
Жалдау бойынша міндеттемелер		529.539	522.356
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер		58.219.387	44.960.367
Қаржылық кепілдік		24.318.573	24.879.676
Төлеуге жататын өзге салықтар		60.760	158.208
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		117.533.536	119.417.370
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		241.080.855	245.121.312
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		906.539.998	914.213.107
Бір жай акцияның баланстық құны (Қазақстан теңгесімен)	21	92.242	92.789

Басшылық атынан 2026 жылғы 14 мамырда қол қойылды.

Камалов Алмасби Нисамаддинұлы,
 Экономика, қаржы және цифрландыру
 жөніндегі басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы,
 «Қаржы және Салық есебі»
 департаментінің директоры –
 Бас бухгалтер

Қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	Акционерлік капитал	Өзге резервтегі капитал	Жабылмаған шығын	Барлық капитал
2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		507.435.225	99.665.429	(26.428.018)	580.672.636
Жыл ішіндегі пайда		-	-	(3.264.140)	(3.264.140)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс		-	-	(29.692.158)	577.408.497
2025 жылғы 31 наурыздағы қалдық		507.435.225	99.665.429	(29.692.158)	577.408.497
2026 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		538.908.267	99.678.112	30.505.416	669.091.795
Жыл ішіндегі пайда		-	-	(1.591.599)	(1.591.599)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс		-	-	(1.591.599)	(1.591.599)
Дивидендтер		-	-	(2.041.053)	(2.041.053)
2026 жылғы 31 наурыздағы қалдық		538.908.267	99.678.112	26.872.764	665.459.143



Басшылық атынан 2026 жылғы 14 мамырда қол қойылды

Камалов Алмаси Елизаматдинұлы,
Экономика, қаржы және цифрландыру
жөніндегі басқарушы директор



Телекова Сәуле Бекзадақызы,
«Бухгалтерлік және Салық есебі»
департаментінің директоры – Бас бухгалтер

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 2026 жылғы 31 наурыз

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	2026ж. 31 наурызда аяқталған 3 айға	2025ж. 31 наурызда аяқталған 3 айға
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы			
		7.736.366	3.493.777
Алынған сыйақы		5.123.407	3.466.711
Өзге түсімдер		2.612.959	27.066
Ақша қаражатының жұмсалуды, барлығы		(6.112.566)	(5.245.644)
Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(1.063.264)	(704.448)
Берілген аванстар		(88.345)	(106.874)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(974.111)	(1.021.160)
Алынған заемдар бойынша сыйақыларды төлеу		(2.334.648)	(3.159.916)
Корпоративтік табыс салығы		(80.732)	(15.634)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(125.861)	(120.623)
Басқа төлемдер		(1.445.605)	(116.989)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		1.623.800	(1.751.867)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы			
		115.801.128	23.988.573
Эмитенттің ҚР ҰБ ноттарын өткізуінен / өтеуінен түсетін түсімдер		79.864.410	
Берілген қарыздарды өтеу		33.399.890	21.439.283
Эмитенттердің қарыздық құралдарын өтеу		2.536.828	2.549.290
Өзге түсімдер		-	-
Ақша қаражатының жұмсалуды, барлығы		(122.553.385)	(28.270.233)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(242.285)	(118.334)
ҚР ҰБ ноттарын сатып алу		(40.000.000)	-
Еншілес компаниялар мен қауымдасқан компанияларға берілген қарыздар мен қаржылық көмек		(82.017.599)	(28.030.848)
Еншілес компаниялардың және БК-нің жарғылық капиталына салым		(293.500)	(121.051)
Инвестициялық қызмет бойынша пайдаланылған таза ақша қаражаты		(6.752.257)	(4.281.660)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы			
		93.825.343	8.627.857
Кэш-пуллинг бойынша түсім		93.825.343	-
Еншілес ұйымдардан қарыздар алу		-	8.627.857
Ақша қаражатының жұмсалуды, барлығы		(103.301.824)	(23.173.281)
Самұрық-Қазына қарыздарын өтеу		(4.117.937)	(4.117.937)
Банктердің және басқа да ұйымдардың қарыздарын өтеу		(15.378.450)	(18.937.852)
Кэш-пуллинг бойынша қарызды өтеу		(83.674.848)	-
Қаржылық жалдау бойынша негізгі қарызды төлеу		(130.589)	(117.492)
Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақша қаражаты		(9.476.481)	(14.545.424)
Валюталардың айырбас бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(129.001)	555
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резервтегі өзгеріс		150	(119)
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза (азаною)/ұлғаною		(14.733.787)	(20.578.514)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	9	58.896.941	62.290.766
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	9	44.163.153	41.712.253
Басшылық атынан 2026 жылғы 14 мамырда қол қойылды			
			
Камалов Алмаси Нисамадинұлы Экономика, қаржы және дифференциру жөніндегі басқарушы директор		Төлекова Сәуле Бекзадақызы, «Бухгалтерлік және Салық есебі» департаментінің директоры – Бас бухгалтер	

Қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

1 «Самұрық-Энерго» компаниясы және оның қызметі туралы жалпы мәлімет

Осы қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) үшін 2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі - Компанияны бақылаушы түпкі иесі.

Негізгі қызмет

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық су өндіруді, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сатуды, электр энергиясын тасымалдауды, желідегі электрді техникалық бөлуді, су және жылу электр станцияларын салуды, ауыстырылатын электр энергиясы көздерін салу мен пайдалануды, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алуды жүзеге асыратын бірқатар компанияларды (б-ескертпе) біріктіретін холдингтік компания (бұдан әрі – «Компания») болып табылады.

Компанияның заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асыратын орны

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

Есептілікті ұсыну валютасы

Егер өзге көрсетілмесе, аталған қаржылық есептіліктің көрсеткіштері қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті әзірлеу негіздері

Осы жеке қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзету енгізе отырып, бастапқы құн бойынша бағалау қағидасы негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Одан әрі жеке қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері келтіріледі. Есептік саясаттың аталған ережелері есепте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты бірізділікпен қолданылды.

Компания аталған жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін әзірледі.

Сонымен қатар, Компания тұтастай Компанияға және оның еншілес ұйымдарына (бұдан әрі - «Топ») қатысты шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес әзірледі. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топқа тікелей немесе жанама түрде дауыс беру құқығының жартысынан көбіне иелік ететін немесе Қоғам өз қаржылық және операциялық саясатын басқаша басқара алатын компаниялар ретінде анықталған еншілес ұйымдардың қызметі толығымен шоғырландырылған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А мекенжайында орналасқан Компания кеңсесінен алуға болады.

Пайдаланушылардың қаржылық жағдай, операциялық қызмет нәтижелері және Компанияның жалпы қаржылық есептіліктегі өзгерістері туралы толық ақпаратты алу мақсатында осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті әзірлеу бағалар мен ұсыныстарды пайдалануды талап етеді. Бұдан бөлек, басшылық Компанияның есептік саясатын қолданған кезде өзінің пайымдауларына сүйенуі тиіс. Бағалаудың немесе күрделіліктің ең жоғары деңгейін болжайтын бухгалтерлік есептілік салалары, сондай-ақ жорамаладар мен бағалар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалары Ескертпеде көрсетілген. Нақты нәтижелер бұл бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Айырбас бағамдары

2026 жылғы 31 наурызда шетел валютасында көрсетілген қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 478.15 теңгені құрады (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 505.53 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу және бақылау қағидалары қолданылады. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

3 Жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Компания 2025 жылдың 1 қаңтарында немесе ол күннен кейін басталатын егер басқаша көрсетілмесе) жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

ХҚЕС (IAS) 21 – «Валюталардың айырбасталымдылығын шектеу» стандартына түзетулер

2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін ХҚЕС (IAS) 21 «Валюта бағамдары өзгерістерінің әсеріне» «Валюта айырбасталымдылығын шектеу» түзетулері ұйымның валютаның айырбасталатындығын қалай бағалауы керектігін, сондай-ақ айырбастау мүмкіндігі болмаған жағдайда спот-бағамды қалай анықтау керектігін нақтылайды. Түзетулер сонымен қатар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға бір валютаның екіншісіне айырбастау мүмкіндігінің болмауы ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша ағындарына қалай әсер ететінін немесе күтілетінін түсінуге мүмкіндік беретін ақпаратты ашуды талап етеді.

Компания аталған түзетулердің талаптарын талдап, олар шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпейді деген қорытындыға келді, өйткені операцияның есепті күніне Компания еркін айырбастау мүмкіндігі бар валюталарда жүзеге асырылады және айырбасталуы шектеулі валюталары жоқ. Осыған байланысты түзетулерді қолдану есеп саясатының өзгеруіне әкелген жоқ және Компанияның қаржылық жағдайына, қаржылық нәтижелеріне және ақша ағындарына әсер етпеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігі шыққан күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолдануға болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

ХҚЕС (IFRS) 18 ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» түзетуін ауыстырады және 2027 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейінгі жылдық есептік кезеңдерге қолданылады. Жаңа стандарт мынадай негізгі жаңа талаптарды енгізеді.

- Ұйымдар пайда мен шығыстар туралы есепте барлық кірістер мен шығыстарды бес санат бойынша жіктеуі тиіс, атап айтқанда: операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, қаржылық қызмет, тоқтатылған қызмет және табыс салығы. Ұйымдар сонымен қатар стандартпен анықталған жаңа «операциялық пайда» аралық жиынтығын ұсынуға тиіс. Ұйымдардың таза пайдасы өзгермейді;
- Басшылық айқындайтын тиімділік көрсеткіштері (MPM) қаржылық есептіліктегі бір жалпы ескертпеде ашылады;
- Қаржылық есептілікте ақпаратты топтастыру бойынша кеңейтілген ұсынымдар берілді.

Сонымен қатар, барлық ұйымдар операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын жанама әдіспен ұсынған кезде ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте операциялық пайданың аралық жиынтығын бастапқы нүкте ретінде пайдалануы тиіс.

Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептер мен қаржылық есептілікке ескертпелерге қалай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде. Алдын ала бағалау бойынша стандартты қабылдау нәтижесінде Компанияның қаржылық есептілігіне мынадай елеулі өзгерістер енгізу қажет деп болжанады:

- төленген пайыздар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте сәйкесінше инвестициялық және қаржылық қызметке қатысты болады;
- бағамдық айырмашылықтар бағамдық айырмашылықтың туындауына әкелетін кірістер мен шығыстардың тиісті баптары көрсетілетін санатқа жатқызылатын болады;

жаңа ақпараттың ашылуы: (а) басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері; (б) егер жиынтық кіріс туралы есепте шығыстар операциялық санатта олардың мақсаты бойынша ұсынылса, олардың сипаты бойынша жіктей отырып, шығыстардың жекелеген түрлері және (в) ХҚЕС (IFRS) 18-ге сәйкес ұсынылған қайта есептелген сомалар мен ХҚЕС (IAS) 1-ге сәйкес бұрын ұсынылған сомалар арасындағы жиынтық кіріс туралы есептің әрбір жолы бойынша салыстырулар қосылады;

Есепке алудың өзге стандарттары

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірмелер Компанияның жеке қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері – «Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға қатысты түзетулер»;
- Табиғи көздерден алынатын электр энергиясын жеткізуге арналған шарттар (ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7)-ге түзетулер
- «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу» ХҚЕС 19-ға түзетулер (2025 жылғы 21 тамызда шығарылды)
- Гиперинфляциялық болып табылатын ұсыну валютасына қайта есептеуге қатысты «Валюта айырбастау бағамдары өзгерістерінің әсері» ХҚЕС (IAS) 21 түзетулері; ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 11-шығарылым.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар

Компания қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бухгалтерлік бағалаулар мен болжамдарды жасайды. Бухгалтерлік бағалау мен пайымдау тұрақты талдауға ұщырайды, басшылықтың өткен тәжірибесіне және басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан мән-жайларда негізделген болып саналатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық сонымен қатар бухгалтерлік бағалармен байланысты кәсіби пікірлерді де қолданады. Жеке қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым маңызды әсер ететін және келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын айтарлықтай түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін кәсіби пайымдаулар мыналарды қамтиды:

Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Инвестициялардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және бөлу

Компания басшылығы «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АЛЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (бұдан әрі – «1-ЕМАЭС»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК») еншілес компанияларына инвестициялардың құнсыздану белгілеріне, сондай-ақ «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ (бұдан әрі - «2-ЕМАЭС станциясы») бірлескен кәсіпорны инвестицияларының құнсыздану белгілеріне талдау жүргізді. Талдау ХҚЕС (IAS) 36 «*Активтердің құнсыздануы*» талаптарына сәйкес өткізілді.

Құнсыздану белгілерін талдауда қолданылған негізгі фактілер мен болжамдар:

- Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы № 42-н/қ бұйрығымен енгізілген және 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген өзгерістерге байланысты энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді 15-19 % мөлшерінде ұлғайту;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 126-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 154-НҚ «АЖК-ның 2021-2025 жылдарға электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтер мен тарифтік сметаның шекті деңгейлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығына енгізілген өзгерістерге сәйкес тарифтердің тұрақты ұлғаю үрдісі сақталуда. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 сәуірден бастап электр энергиясын беру тарифі 10,6 теңгеден/кВт·сағ (ҚҚС-ны есептемегенде) 12,96 теңгеге/кВт·сағ (ҚҚС-ны есептемегенде) дейін көтерілді, 2025 жылғы 1 тамыздан бастап-14,25 теңгеге дейін/кВт * сағ (ҚҚС-ны есептемегенде), 2025 жылғы 1 қазаннан бастап - 13,99 теңгеге дейін/кВт·сағ (ҚҚС-ны есептемегенде) дейін өсті;
- Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі активтердің өтелетін құнына айтарлықтай әсер етпейді, өйткені қарыздық қаржыландыру мөлшерлемесінің ұлғаюы ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайда нормасын айқындау әдістемесіне сәйкес шекті тарифтердің келесі қолданылу кезеңінде пайда нормасын есептеуде WACC мөлшерлемесінде осыған ұқсас түрде көрініс табады, сондай ақ тарифтің шығыс бөлігіне алдыңғы кезеңдегі сыйақылар бойынша шығыстар енгізіледі;

Инфляция мөлшерлемелерінің өзгеруі айтарлықтай әсер етпейді, өйткені тарифтің шығын бөлігіне өткен жылғы нақты инфляцияны ескере отырып есептелген шығындар қосылады. 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII ҚРЗ «Табиғи монополиялар туралы» Заңына енгізілген қосымша өзгерістер электр энергиясын берудің бес жылдық кезеңге бекітілген тарифтерін олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін түзету үшін қосымша шарттарды (ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді балансқа не сенімгерлік басқаруға қабылдау, орташа айлық номиналды жалақыны өзгерту) көздейді;

- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын өткізу нарығының жаңа мақсатты моделін енгізу еншілес компаниялардың электр станцияларының табысына айтарлықтай әсер еткен жоқ. ЭЭТН-де теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі (ЖҚБАР мен реттеудегі өтінімдерді есепке алмағанда) көтерме нарықта электр энергиясын сатудың 1% - дан сәл асатын бөлігін құрайды, бұл болмашы ауытқу болып табылады. Сонымен қатар, ЖҚБАР-ды қолдану және өтінім беру есебінен Топтың ЭЭТН-де электр энергиясын сататын станциялары осы нарықтағы теңгерімсіздік бағасының әсерін едәуір дәрежеде теңестіреді;
- Еншілес компаниялар үшін кезең ішінде болған немесе жақын арада болуы мүмкін жағымсыз салдары бар елеулі өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында орта мерзімді перспективада электр энергиясына сұраныстың болжамды өсуі.

Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздану белгілерін талдау нәтижелері-көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін талдау нәтижесінде Компания басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері болған жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, Компания басшылығы 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына және бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияларға тест өткізбеу туралы шешім қабылдады.

Кэш пулинг операциялары

2024 жылдың 10 мамырынан бастап Компанияда физикалық Кэш-пулинг процесі басталды. Пулдың қатысушылары: «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (бұдан әрі - «ЕМАЭС-1»), «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС (бұдан әрі - «АЭС»), «Шардара СЭС» АҚ (бұдан әрі - «ШСЭС»), «Бұқтырма СЭС» АҚ (бұдан әрі - «БСЭС»), «Мойнақ СЭС» АҚ (бұдан әрі - «МСЭС»), «Energy Solutions Center» ЖШС (бұдан әрі - «ESC»), «Qazaq green power» ЖК (бұдан әрі - «QGP»), «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС (бұдан әрі - «БЖЭС»), «Samruk Green Energy» ЖШС (бұдан әрі - «SGE»), «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС, «Шұлбі СЭС АЭС» ЖШС. Кэш-пулингті ұйымдастыру шеңберінде жоғарыда аталған еншілес ұйымдармен реверсивті қаржылық көмек желілерін ашу туралы келісімдер және кері кредиттік желілерді ашу туралы келісімдер жасалды. Кэш-пулинг банкте ашылған пулға қатысушылардың ағымдағы шоттары мен пулға қатысушылардың ақшалай қаражаттарын шоғырландыру жүзеге асырылатын Компанияның мастер-шоты арасындағы ақшалай қаражаттың нақты қозғалысын қамтиды. Бұл өнім ақша қаражатын тиімді қайта бөлуді, ақша ағындарын орталықтандырылған басқаруды және Компания мен «Самұрық-Энерго» АҚ тобының контрагенттерімен шарттар бойынша міндеттемелердің уақтылы және тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді. Қаржылық көмектің реверсивті желілері шеңберіндегі сыйақы мөлшерлемесі 0.01%-ды құрайды. Басшылық осы тетік шеңберінде алынған қаржылық көмек пулға қатысушыларға берілген (мастер-шотқа аударылған) қаржылық көмекті қажеттілігіне қарай мерзімінен бұрын талап ету құқығын қалдырады деп есептейді. Осыған байланысты басшылық басқа қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің құрамында номиналды құны бойынша осы қаржылық міндеттемелерді есепке алуды негізді деп санайды.

5 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар

Байланысты тараптарды анықтау ХҚЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» бөлімінде келтіріледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе айтарлықтай әсер ете алатын не екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынас сипаттары да ескеріледі. Бас компания мен Компанияның түпкі бақылаушы тарабы 1-ескертпеде ашылған.

Байланысты Тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекет компанияға бақылау жасайды. Компания мемлекетпен және оған байланысты тараптармен есеп айырысу бойынша жеке-дара елеусіз мәмілелер мен қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдану туралы шешім қабылдады, өйткені Қазақстан мемлекеті мұндай тараптарға бақылау, бірлескен бақылау жасайды немесе елеулі ықпал етеді.

Компания мемлекет қатысатын көптеген ұйымдарға тауарларды сатып алады және жеткізеді.

Мұндай сатып алулар мен жеткізілімдер жеке алғанда болмашы соманы құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2026 жыл

Төменде 2026 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыздар	-	37.973.361	37.672.749
Ұсынылған қарыздар бойынша алынатын сыйақылар	-	837.171	8.342.373
Дебиторлық берешек	-	-	5.588
Кредиторлық берешек	2.041.053	169.041	53.348.138
Қарыздар мен облигациялар	117.203.721	-	15.593.078

Төменде 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыздар	17.000.000	-	60.911.029
Ұсынылған қарыздар бойынша алынған сыйақылар	1.418.694	-	4.475.186
Дебиторлық берешек	-	-	257
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	-	754.959	25.357.516
Қарыздар мен облигациялар	118.227.885	-	15.692.619

Төменде 2026 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша кірістер	-	-	-
Қаржылық кірістер	-	-	5.056.898
Қаржылық шығыстар	(3.823.429)	(22.813)	(442.329)
Қаржылық активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар	(3.632)	-	(559.061)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(85.896)	(243.723)

Төменде 2025 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша кірістер	-	-	-
Қаржылық кірістер	611,417	-	3.198.894
Қаржылық шығыстар	(4.027.039)	(16.285)	(461.771)
Қаржылық активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар	-	-	(137.563)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(338.890)	(259.484)

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2026 жыл

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы берілді:

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2026 ж.	31 желтоқсан 2025 ж.
Негізгі басқарушы персонал - шығыстар	110.550	88.304
Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері – шығыстар	4.191	6.110

Негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысы Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға, жұмыскерлерге берілетін еңбекақыны, сыйлықақыны және басқа қысқа мерзімді сыйақыларды қамтиды 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 6 адамнан тұрады (2025 жылғы 31 наурыз: 7 адам). Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша: 4 адам (2025 жылғы 31 наурыз: 4 адам).

6 Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2026 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

	Сатып алынған күні	Тіркелген елі	31 наурыз 2026 ж.		31 желтоқсан 2025 ж.	
			Инвестициялар құны (мың теңге)	Иелік ету үлесі	Инвестициялар құны (мың теңге)	Иелік ету үлесі
Еншілес ұйымдар						
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	331.003.748	100%	331.003.748	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	68.721.070	100%	68.721.070	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	149.367.163	100%	149.367.163	100%
Qazaq Green Power PLC	04.11.2022	Қазақстан	110.270.094	100%	110.270.094	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	305.126	100%	-	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС «Жалпы қызмет көрсету» филиалы	16.03.2019	Қазақстан	180.779	100%	126.105	100%
Бірлескен кәсіпорындар және қауымдастырылған компаниялар						
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	5.410.702	50%	5.410.702	50%
«Көкшетау ЖЭО» ЖШС	24.06.2024	Қазақстан	9.587.200	50%	9.587.200	50%
«Өскемен Энерго» ЖШС	24.06.2024	Қазақстан	216.713	50%	123.212	50%
«Семей Энерго» ЖШС	24.06.2024	Қазақстан	319.290	50%	319.290	50%
Құнсызданған инвестициялар						
«Балқаш ЖЭС» АҚ (4-ескертпе)	24.06.2008	Қазақстан	32.085.280	100%	32.085.280	100%
«Ereymtau Wind Power» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	9.253.541	100%	9.253.541	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	4.779.290	100%	4.779.290	100%
«Өскемен СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465.019	89.99%	465,019	89.99%
Шегергенде:						
Инвестицияның құнсыздануы			(46.583.130)		(46.583.130)	
Барлық инвестициялар			675.381.884		674.928.584	

2026 жылғы 31 наурыздағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның төмендегідей бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда иелену үлесі бар:

- 2-ЕМАЭС станциясы - 50%. Қалған 50% иелену үлесі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- «Көкшетау ЖЭО» ЖШС - 50%. Қалған 50% иелену үлесі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- «Өскемен Энерго» ЖШС - 50%. Қалған 50% иелену үлесі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- «Семей Энерго» ЖШС - 50%. Қалған 50% иелену үлесі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.

Сатуға арналған активтер

2026 жылғы 31 наурыздағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Forum Muider Limited компаниясына салынған инвестиция сату үшін арналған актив ретінде жіктелді. Сату үшін арналған активтің балансы 2026 жылғы 31 наурызда 41.759.543 мың теңгені құрайды (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 41.759.543 мың теңге).

7 Берілген қарыздар және борыштық құралдарға салынған инвестициялар

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2026 ж.	31 желтоқсан 2025 ж.
Ұзақ мерзімді бөлім		
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-ға берілген қарыз	24.133.500	-
«Energy Solutions Center» ЖШС-ға берілген қарыз	20.862.149	18.712.579

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2026 жыл

«АлЭС» АҚ облигациялары	18.076.908	18.076.908
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС облигациялары	17.368.276	19.105.104
«Шардара СЭС» АҚ облигациялары	3.100.000	3.900.000
«Energy Solutions Center» ЖШС - «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалына берілген қарыз	1.122.775	279.950
КСО корпоративтік қорына берілген қарыз	985.806	-
«First Heartland Jusan Bank» АҚ (бұрынғы - «ЦеснаБанк» АҚ) облигациялары	49.756	48.414
<i>Шегергенде: құнсыздану резерві</i>	<i>(240.513)</i>	<i>102.161)</i>
Барлық берілген қарыздар мен борыштық құралдарға салынған инвестициялар - ұзақ мерзімді бөлім	85.458.657	60.020.795
<i>Қысқа мерзімді бөлім</i>		
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ қысқа мерзімді ноттары	-	40.263.011
«Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген қарыз	15.000.000	7.650.000
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-ға берілген қарыз	13.729.861	4.218.221
«Ereumentau Wind Power» ЖШС-ға берілген қарыз	9.731.246	9.731.246
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	4.500.000	4.500.000
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС облигациялары	6.947.310	6.947.310
АҚШ мемлекеттік облигациялары	4.783.509	-
«Ereumentau Wind Power» ЖШС-ға берілген қаржылық көмек	4.100.000	4.100.000
«Шардара СЭС» АҚ облигациялары	2.900.000	2.900.000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	1.747.971	2.275.546
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақылар	7.431.872	5.274.852
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377.301	377.301
«Energy Solutions Center» ЖШС - «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалына берілген қарыз	195.882	261.213
«Семей Энерго» ЖШС-ға берілген қарыз	110.000	110.000
Облигациялар бойынша сыйақылар	1.681.447	642.377
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30.390	30.390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ-ға берілген қарыз	5.442	5.442
<i>Шегергенде: құнсыздану резерві</i>	<i>(19.730.591)</i>	<i>(19.241.379)</i>
Барлық берілген қарыздар мен борыштық құралдарға салынған инвестициялар – қысқа мерзімді бөлім	53.541.641	70.045.530
Барлық берілген қарыздар мен борыштық құралдарға салынған инвестициялар	139.000.298	130.066.325

«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары

2019 жылғы 18 маусымда «О.Д.Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ (бұдан әрі – «МСЭС») жылдық 11% пайыздық мөлшерлеменен номиналды құны 1,000 теңге бойынша 47,000,000 дана мөлшерінде купондық облигациялар шығарды және орналастырды. Облигациялар Қытайдың Мемлекеттік банкі алдындағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында шығарылды. Облигациялардың айналым мерзімі - 7 жыл. Облигациялар Astana International Exchange (AIX) қамтамасыз етудің шығарылды және Компания сатып алды. 2023 жылы МСЭС облигациялар шығарудың бекітілген шарттарына сәйкес 1,000 теңгенің номиналды құны бойынша 1,500,000 дана мөлшерінде сатып алынған купондық облигацияларды қайта сатты. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 11%-дан қайта қаралды.

«Шардара СЭС» АҚ облигациялары

2021 жылғы 26 қарашада Компания купондық мөлшерлемесі жылдық 13%-бен 6,5 жыл мерзімге 18,400,000 мың теңге сомасына АIX алаңында шығарылған «Шардара СЭС» АҚ облигацияларын сатып алды. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 13% - дан қайта қаралды. Облигациялар «Шардара СЭС» АҚ-ның Еуропа қайта құру және даму банкінің алдындағы қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды.

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» АҚ облигациялары

2024 жылғы 25 қыркүйекте Компания АІХ-ке шығарылған, 34,736,552 мың теңге сомасында, айналыс мерзімі 5 жыл, жылдық мөлшерлемесі 16,25% болатын «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС ұзақ мерзімді облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды.

2025 жылғы 7 тамызда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі 16,25% тіркелген мөлшерлемеден «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге өзгертілді.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станцияларды және басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға 7,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. 2024 жылғы 19 қаңтарда Компания тоқсанына бір рет төленетін жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен 2026 жылы өтеуді ескере отырып, қарызды өтеу кестесін өзгерту бойынша кредиттік шартқа қосымша келісім жасады. Компания бастапқы қаржылық активті тануды тоқтатты және жаңа активті әділ құны бойынша таныды. Бастапқы тану күніндегі қарыздың әділ құны мен оның 1.109.853 мың теңге сомасындағы номиналды құны арасындағы айырманың шамасы активті тану күніндегі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға салынған қосымша инвестициялар ретінде танылды. Дисконттау мөлшерлемесі - 19%.

«Алматы электр станциялары» АҚ облигациялары

2025 жылғы 19 қарашада Компания Компания тобы үшін Өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 18,076,909 мың теңге сомасына, айналыс мерзімі 13 жыл және Compounded +1% TONIA (Tenge OverNight Index Average) купондық мөлшерлемесімен шығарылған «Алматы электр станциялары» АҚ облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Алматы электр станциялары» АҚ-ның «Алматы 2-ЖЭО-ны қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып, жаңғырту» жобасын іске асыруға тартылған қарыздары бойынша шығыстарды қаржыландыру / өтеу мақсатында сатып алынды.

«Семей-Энерго» ЖШС-ға берілген қарыз

2025 жылғы 5 желтоқсанда Компания мен «Семей-Энерго» ЖШС арасында айналым қаражатын толықтыру үшін нысаналы мақсаты бойынша ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1%-бен 110.000 мың теңге мөлшеріндегі сомаға №С-33 қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Қарыз мерзімі берілген күннен бастап 1 жыл, әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзарту мүмкіндігі бар. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі.

«Energy Solutions Center» ЖШС-ға берілген қарыз

2024 жылғы 10 шілдеде Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС (бұдан әрі – ESC) арасында «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-ға қажетті ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге 4,798,554 мың теңгеден аспайтын мөлшерде №ҚШ – 35 Қарыз шартына (бұдан әрі - Қарыз шарты) қол қойылды. 2024 және 2025 жылдар ішінде бірқатар қосымша келісімдерге қол қойылды, нәтижесінде қарыздың ең жоғары қолжетімді сомасы 31.549.525 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. 2025 жыл ішінде Компания 14.783.479 мың теңге сомасында ESC қарыздарын берді. 2026 жылдың 1 тоқсаны ішінде Компания 1.908.223 мың теңге сомасында ESC қарыздарын берді. Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 7%. Қарыз беру мерзімі 2027 жылғы 15 шілдеге дейін. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі.

«Energy Solutions Center» ЖШС – «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалына берілген қарыз

2024 жылғы 20 тамызда Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС – «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалы арасында сыйақы мөлшерлемесі 16,5% болатын 1.100.000 мың теңге мөлшеріндегі сомаға №ҚШ-44 қарыз шартына қол қойылды. Қарыз беру мерзімі - қарыз берілген күннен бастап 36 (отыз алты) ай. Нысаналы мақсаты - инвестициялық жобаларды іске асыру, ағымдағы активтерді (айналым капиталын) қаржыландыру және міндеттемелерді қайта қаржыландыру. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі.

2026 жылғы 29 қыркүйекте Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС – «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалы арасында ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1%-бен 2.557.169 мың теңге мөлшерінде №ҚШ-23 Қарыз беру туралы шартқа қол қойылды. Қарыз беру мерзімі - тиісті транш берілген күннен бастап 52 (елу екі) ай. Нысаналы мақсаты - инвестициялық жобаларды іске асыру үшін. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі.

«Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген қарыз

2018 жылғы 27 қарашада Компания мен «Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі – АлЭС) арасында айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ Тараптар келіскен өзге де мақсаттарға 3.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде Реверсивті кредит желісін ашу туралы келісімге қол қойылды. 2019-2025 жылдар аралығында бірқатар қосымша келісімдерге қол қойылды, нәтижесінде лимит сомасы 15.000.000 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне плюс жылдық 1% (бір пайыз) тең. 2025 жыл ішінде Компания АлЭС-ке 7.650.000 мың теңге сомасында қарыз

берді. 2026 жылдың 1 тоқсаны ішінде 1.620.000 мың теңге сомасына ішінара мерзімінен бұрын өтеу шартымен Компания АлЭС-ке 8.970.000 мың теңге сомасында қарыз берді.

«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-ға берілген қарыз

2025 жылғы 5 желтоқсанда Компания мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ (бұдан әрі – «2-ЕМАЭС» АҚ) арасында «№3 ст. энергия блогын салу арқылы Екібастұз 2-МАЭС-ті кеңейту және реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыруға байланысты «2-ЕМАЭС» АҚ облигациялық бағдарламасы шеңберінде купондық сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды қаржыландыруға 13.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. 2025 жыл ішінде Компания «2-ЕМАЭС» АҚ-ға 4.218.221 мың теңге сомасында қарыз берді. 2026 жылдың 1 тоқсаны ішінде Компания «2-ЕМАЭС» АҚ-ға 8.700.000 мың теңге сомасында қарыз берді. Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 14,5%. Қарыз беру мерзімі - әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзарту мүмкіндігімен 2026 жылғы 26 желтоқсанға дейін және 2027 жылғы 13 наурызға дейін. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі.

2026 жылғы 3 ақпанда Компания мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ арасында борышты өтеуге арналған нысаналы мақсаты және «№3 ст. энергия блогын салу арқылы Екібастұз 2-МАЭС-ті кеңейту және реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыруға байланысты 05.08.2020 жылғы № KS 01-20-17 Кредиттік келісім бойынша бұрын төленген негізгі борышты өтеу бойынша ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1%-бен 98.876.369,982 мың теңге мөлшеріндегі сомаға №С-5 қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Қарыз мерзімі - берілген күннен бастап 20 (жиырма) жыл. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі. 2026 жылдың 1 тоқсаны ішінде Компания «2-ЕМАЭС» АҚ-ға 24.133.500 мың теңге сомасында қарыз берді.

2026 жылғы 9 ақпанда Компания мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ арасында Екібастұз 2-МАЭС станциясының сулы күлді жою жүйесінің (СКЖ) құбырын ауыстыру» жобасы бойынша іс-шараларды қаржыландыру үшін нысаналы мақсаты бойынша ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1% - бен 8.117.000 мың теңге мөлшерінде сомаға №С-6 Қарыз беру туралы келісімге қол қойылды (2-электр беру тізбегі). Қарыз мерзімі - Келісім жасалған күннен бастап 1 жыл. Қарыз қамтамасыз етудің беріледі. 2026 жылдың 1 тоқсаны ішінде Компания «2-ЕМАЭС» АҚ-ға 811.640 мың теңге сомасында қарыз берді.

«Объектілерді салу жөніндегі компания» КҚ-ға берілген қарыз

2026 жылғы 10 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Объектілерді салу жөніндегі компания» КҚ арасында «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін Екібастұз қаласында кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салуға қаржыландыру беруді көздейтін № ҚШ-7 Қарыз шарты жасалды. Қарыздың жалпы сомасы 12 млрд теңгені құрайды.

2026 жылғы 6 наурызда аталған шарт шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ 3.442.839 мың теңге көлемінде бірінші траншты берді. Қарыз мерзімі - 84 айға дейін, пайыздық мөлшерлеме - жылдық 0,1%.

АҚШ қазынашылық міндеттемелері (US Treasury Bills)

2026 жылдың 26 ақпанында Компания АҚШ Қаржы министрлігінен (Т-bills) 2026 жылдың 6 тамызына дейін өтеу мерзімімен 9.933.773 АҚШ долларына (номиналды құны 10.078.153 АҚШ доллары) қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді сатып алды. Көрсетілген құралдар купонсыз (купон мөлшерлемесі - 0,00%) болып табылады және жылдық 3,25% деңгейінде сатып алу кезінде кірістілікті қамтамасыз ете отырып, номиналды құнына жеңілдікпен сатып алынды.

8 БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2026 жылғы 31 наурыз	2025 жылғы 31 желтоқсан
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ның кэш-пулингі бойынша берешек	1.747.498	4.429.308
Еншілес кәсіпорындар сатып алушыларының дебиторлық берешегі	125.531	120.091
Қысқа мерзімді депозиттер	304	304
Құнсыздану резервін шегере отырып	(112.508)	(112.508)
Басқа да қаржылық айналымдағы активтердің жиыны	1.761.335	4.437.195
Басқа да салық активтері	1.212.811	1.054.896

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2026 жыл**

Төленген аванстар	364.255	321.721
Басқа да қысқа мерзімді активтер	320.024	320.024
Келешек кезеңдердің шығыстары	108.280	127.166
Жұмыскерлердің басқа да дебиторлық берешегі	10.422	120.051
Құнсыздану резервін шегере отырып	(320.024)	(320.024)
Басқа да айналымдағы активтердің жиыны	3.457.103	6.061.029

«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің кэш-пулингi

2024 жылғы 28 сәуірде Компания мен «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС арасында «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС айналым капиталын қаржыландыруға 10.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде кэш-пулинг (3-ескертпе) тетігі шеңберінде шартқа қол қойылды. Сыйақы мөлшерлемесі: ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1%. Шарт талап ету бойынша өтелуге жатады, осыған орай сома айналым активтерінің құрамында көрсетіледі.

9 Ақша қаражаты және оның эквиваленттері

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2026 ж.	31 желтоқсан 2025 ж.
3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты - теңге	798.545	3.107.257
3 айға дейінгі мерзімге сатып алу және кері сату шарты («кері репо») бойынша ақшалай қаражат	43.325.600	55.687.273
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - теңге	10.233	71.825
Кассадағы ақша қаражаты	5.007	4.918
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - АҚШ доллары	2.229	2.805
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - евро	-	-
Басқа банктердегі басқа валютадағы ақша	22.140	23.614
Құнсызданған резервті шегергенде	(602)	(751)
Барлық ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	44.163.153	58.896.941

10 Акционерлік капитал

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша шығарылған 7.198.467 жай акция 538.908.267 мың теңге мөлшерінде толық төленді (2025 жылғы 31 желтоқсан: 7.198.467 акция 538.908.267 мың теңге мөлшерінде). Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығына ие. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялар саны – 8.602.187. (2025 жылғы 31 желтоқсан: 8.602.187 акция). 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ компанияның 100% акционері болып табылады (2025 жыл: 100%). 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Компания жалғыз акционерге 2025 жыл үшін 2 041 053 мың теңге — бір акцияға 283,54 теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады.

11 Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескертпе	2026ж. 31 наурыз	2025ж. 31 желтоқсан
Басқа қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (кэш-пулинг)	4	53.348.138	43.196.863
Жеткізушілер алдындағы берешек		699.870	999.955
Есептелген дивидендтер		2.041.053	-
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны		56.089.061	44.196.818
«Qazaq Gaz» АҚ алдындағы бағалау міндеттемесі		94.914	94.914
Басқалары		2.053.372	668.635
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер жиыны		58.237.348	44.960.367

Басқа қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер Компанияның кэш-пулинг механизмі бойынша еншілес ұйымдарға берешегін білдіреді. Осы міндеттемелер талап етілгенге дейін болып табылады, осыған байланысты номиналды құны бойынша ескерілді.

12 Қарыздар

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2026 ж.	31 желтоқсан 2025ж.
Ұзақ мерзімді бөлігі		
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қарызы	80.593.272	80.941.219
Ұзақ мерзімді банк қарыздары	4.254.228	4.314.971
Облигациялар	37.505.104	39.241.931
Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі	122.352.604	124.498.121
Қысқа мерзімді бөлігі		
Облигациялар	6.941.697	6.941.023
Еншілес ұйымдардың және бірлескен кәсіпорындардың (ЕҰ, БҚ) қарызы	9.482.771	9.482.771
Қысқа мерзімді банк қарыздары	576.200	15.810.600
Самұрық-Қазына қарызы	8.738.773	8.616.628
Есептелген пайыздар – облигациялар	2.119.822	1.584.711
Есептелген пайыздар – банк қарыздары	7.935	417.742
Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазына ҰӘҚ АҚ мен ЕТҰ қарыздары	6.538.082	8.616.628
Қарыздардың барлық қысқа мерзімді бөлігі	34.406.277	48.896.763
Барлық қарыздар	156.757.881	173.394.884

Төменде аталған қарыздардың баланстық және әділ құны келтірілді:

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2026 ж.		31 желтоқсан 2025 ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен ЕТҰ қарыздары	105.352.897	89.159.043	105.083.906	90.991.359
Банк қарыздары	4.838.362	4.917.431	20.543.313	20.774.859
Облигациялар	46.566.622	43.602.674	47.767.665	45.106.342
Барлық қарыздар	156.757.881	137.679.148	173.394.884	156.872.560

12 Қарыздар (жалғасы)*«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ қарыздары*

2010 жылғы 17 наурызда Forum Muider-ден 50% үлесті сатып алу нәтижесінде қарызды қайта қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 48.200.000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 қыркүйекке дейін берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлеммен өтелуге тиіс, ал пайыздар қарыз алынғаннан кейін келесі есептік жылдан бастап жарты жылдық төлемдермен төленеді.

2011 жылғы 14 қаңтарда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 7.000.000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, өтеу мерзімі 2024 жылғы 25 қаңтарға дейін берілді. Негізгі сома мерзім соңында, ал пайыздар жарты жылдық жарналармен төленуі тиіс. 2021 жылғы 25 қаңтарда Компания 205.746 мың теңге сомасында негізгі қарызды ішінара өтеді. 2024 жылғы 25 қаңтарда Компания «Самұрық-Қазына» қорымен қарыз беру мерзімін, бұл ретте қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін есепті жылдың басынан бұрынғы 10 жылдағы орташа алынған инфляцияға тең өзгерте отырып, 2026 жылдың 25 желтоқсанына дейін ұзарту туралы қосымша келісімге қол қойды.

2014 жылғы 16 қаңтарда 1-МАЭС-тің қалған үлесін сатып алу мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 200.000.000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Негізгі сома 2028 жылдың 1 желтоқсанына дейін төленуі тиіс, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесімен жарты жылдық жарналармен төленеді.

2014 жылғы 3 қазанда № 369 Кредиттік келісімге №1 қосымшаға сәйкес кредиттік келісім айтарлықтай өзгертілді:

- 100.000.000 мың теңге көлеміндегі негізгі қарыз сомасы Компания акцияларына айырбасталды;
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 9% дейін ұлғайтылды.

2015 жылғы 25 желтоқсанда осы кредиттік келісім № 369-И Кредиттік шартына № 2 қосымшаға сәйкес айтарлықтай өзгертілді және негізгі борыш сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1% - ға дейін төмендетілді. Басшылық пайыздық мөлшерлеменің нарықтық емес мөлшерлемеден 1%-ға дейін төмендеуін, ал субординацияланғанға дейінгі қарыз басымдығындағы өзгерістерді қарыз шарттарын айтарлықтай өзгерістерге алып келетінін бағалады.

Банктік қарыздар: Азия Даму Банкі

2018 жылғы 8 қарашада және 5 желтоқсанда Компания Азия Даму Банкінде негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерімен байланысты мүмкіндіктерді сәйкестендіру мақсатында 120 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылмайтын кредиттік желі ашты. 2019 жылы Компания кредиттік желілер бойынша жалпы сомасы 45.860.800 мың теңгеге үш транш алды, А және В транштарының өтеу мерзімі 5 жылдан кейін, С траншының өтеу мерзімі - 7 жыл. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштерінің өсімі (All-in cost), оған қоса банктің маржасы (А және В транштары бойынша - 3,75%, С траншы бойынша - 4,50%) негізінде белгіленеді. 2022 жылы А және В транштары толық көлемде өтелді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша С траншы бойынша 15.234.400 мың теңге сомасындағы қалдық толығымен қысқа мерзімді бөлікке ауыстырылды. 2026 жылғы 23 қаңтарда С траншы жоспарлы түрде толығымен өтелді.

Банктік қарыздар: Еуропа даму банкі

2023 жылғы 30 маусымда Компания Еуразия даму банкінен 2034 жылдың 31 қазанында өтеу мерзімімен 6.626.296 мың теңге сомасында қарыз алды. Нысаналы мақсаты – еншілес ұйымның Еуразия даму банкі алдындағы негізгі қарызын өтеу үшін «Egeumentau Wind Power» ЖШС-ға қарыз беру. Сыйақы мөлшерлемесі – 2026 жылдың 31 қазанына дейін жылдық 11,5%. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мен жылдық 2,25% маржа сомасына тең.

«Богатырь-Көмір» ЖШС-дан алынған қарыз

2022 жыл ішінде Компания «Богатырь-Көмір» ЖШС-дан (Forum Muider Limited бірлескен кәсіпорнының еншілес компаниясы) қарыздар мерзімінің соңында негізгі борыш пен сыйақыны өтеу шартымен 12 ай мерзімге жалпы сомасы 12.482.770 мың теңгеге қарыз алды.

2023 жылғы шілдеде және қарашада қарыздардың мерзімі 1 жылға ұзартылды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі транштар берілген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде және оған қоса жылдық 3% маржаға белгіленді.

2024 жылғы қыркүйекте қарыздардың мерзімдері 1 жылға ұзартылды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі транштар берілген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде және оған қоса жылдық 2% маржаға белгіленді.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдың ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ «Богатырь Көмір» ЖШС-мен қарыз мерзімдерін 2026 жылғы 19 шілдеге және сәйкесінше 2026 жылғы 8 қарашаға дейін ұзарту туралы қосымша келісімдерге қол қойды.

2025 жылғы 13 қаңтарда Компания «Богатырь-Көмір» ЖШС-ға алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасын ішінара өтеу есебіне 1.500.000 мың теңге және қарыздар бойынша 533.035 мың теңге сыйақы төледі.

Шығарылған облигациялар

2021 жылғы 25 қарашада Компания 6.5 жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналдық құны 100.000.000 теңге болатын жалпы сомасы 18.400.000 мың теңгеге 184 дана жасыл облигацияны орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.4% құрады және жылына екі рет төленеді.

2024 жылғы 19 қыркүйекте «Самұрық-Энерго» АҚ ҚР ҰБ-да +1% өзгермелі мөлшерлеме бойынша айналыс мерзімі 2029 жылғы 19 қыркүйекке дейін Astana International Exchange алаңында өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 34.736.552 мың теңге сомасына амортизацияланған купондық облигациялар шығарды

13 Қаржылық кепілдік

Қазақстандық мың теңге	2026 ж. 31 наурыз	2025 ж. 31 желтоқсан
Қаржылық кепілдік	24.318.573	24.879.676
Қаржылық кепілдік жиыны	24.318.573	24.879.676

Кепілдік міндеттемелер «Самұрық-Қазына» ҰҒҚ) АҚ-қа Алматы 2-ЖЭО-ны газға көшіру жобасын (бұдан әрі – «Жоба») қаржыландыру мақсатында берген қарсы кепілдік шарттары бойынша Компанияның міндеттемелерін білдіреді. Жобаны іске асыру шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ пен қаржы институттары арасында мынадай негізгі шарттарда кредиттік келісімдер жасалды:

- Еуропа қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) TONIA - Банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығындары және Банктің маржасы 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2%-бен Compounded индексінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 130.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға. Қарыздың аяқталу мерзімі - 2037 жылғы 20 қараша.
- Азия даму банкімен (АДБ) - Банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығындары және 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2%-бен TONIA Compounded индексінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 98.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға. Қарыздың аяқталу мерзімі - 2037 жылғы 20 қараша.
- Қазақстанның Даму банкімен (ҚДБ) - Банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығандары және Банктің жылдық 0.73% маржасымен TONIA Compounded индексінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 117.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға. Қарыздың аяқталу мерзімі - 2038 жылғы 8 маусым.
- Қазақстан Халық Банкімен (ҚХБ) ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінен және жылдық 1,5% маржадан тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 135.000.000 мың теңге сомаға. Қарыздың аяқталу мерзімі - 2035 жылғы 24 тамыз.

Кепілдік келісімдері кепілдік бергені үшін комиссия болмаған жағдайда жасалды. 2026 жылғы 31 наурыздағы берешектің жалпы кепілдендірілген сомасы 480.000.000 мың теңгені құрайды (31 желтоқсан 2025: 480.000.000 мың теңге). Кепілдік бойынша міндеттемелер сомасын есептеуде ЕҚДБ, АДБ және ҚДБ пайдасына кепілдіктерді бастапқы тану кезінде 14% деңгейінде дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін 1,39% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды. Кепілдік бойынша міндеттемелер сомасын есептеуде ҚХБ пайдасына кепілдікті тану кезінде 18,4% деңгейінде дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін 1,39% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды.

2026 жылғы 31 наурызға кепілдіктер бойынша міндеттемелер 24.318.572 мың теңгені құрады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2026 жыл**

(31 желтоқсан 2025: 24.879.676 мың теңге). 2026 жылғы 31 наурызға есепті кезең ішінде қаржылық кепілдік бойынша дисконттың амортизациясы 561.103 мың теңгені құрайды.

14 Жалпы және әкімшілік шығыстар

	2026 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Жалақы және оған байланысты шығыстар	1.283.483	1.462.719
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	176.498	139.261
Ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету жөніндегі қызметтер	245.940	221.336
Мамандандырылған кеңселік қызмет көрсету қызметтері	125.080	121.480
Консультациялық және өзге де қызметтер	77.738	11.105
Сақтандыру	19.787	18.180
Иссапар шығыстары	20.210	42.643
Қызметкерлерді оқыту және оларға байланысты шығындар	20.310	24.918
Салықтар	11.385	11.542
Байланыс шығындары	6.268	7.087
Өзгелері	114.979	122.140
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиынтығы	2.191.941	2.182.413

15 Қаржылық кірістер

	2026ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Облигациялар және берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер	5.262.287	3.576.792
Қаржы активтері бойынша дисконттың амортизациясы	643.198	230.103
Қаржылық кепілдіктер бойынша дисконттың амортизациясы	643.198	480.452
Банк депозиттері бойынша пайыздық кірістер және репо	2.859.595	1.694.341
Берілген кепілдіктер бойынша кірістер	567.512	8.970
Өзгелері	5.625	-
Барлық қаржылық кіріс	9.338.218	5.990.659

16 Қаржылық шығыстар

	2026ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыға жұмсалған шығыстар	2.950.837	4.162.322
Қаржылық құралдар бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	4.708.251	2.388.440
Қаржылық жалдау бойынша шығыстар		
Жалдау бойынша дисконт амортизациясы	62.038	71.488
Өзге	26.854	16.285
Барлық қаржылық шығыстар	7.747.980	6.638.535

17 Табыс салығы

Табыс салығы - депозиттер бойынша төлем көзінен ұсталатын салық. Компания болашақта салық салынатын пайданы күтпейді.

18 Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілікте ашылғандардан басқа, 2026 жылдың 31 наурызында қандай да бір шарттық және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

Сот талқылаулары

Компания күделікті қызметін жүзеге асыру барысында туындаған өзге де белгілі бір сот процестеріне қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта нәтижелері Компанияның қаржылық жағдайына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін басқа да сот процестері немесе басқа аяқталмаған шағымдар жоқ.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Компанияның несиелер мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды сақтамау Компания үшін жағымсыз салдарға, соның ішінде қарыз шығындарының өсуіне және дефолтқа әкелуі мүмкін. 2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың қорытындысы бойынша Компания қарыздар бойынша ковенанттардың нормативтік мәндерін орындады, сондай-ақ бұзушылық оқиғасының орны болжанған жағдайларда шекті төмендету бойынша вейверлер алды (2024 жылдың қорытындысы бойынша: орындады).

19 Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады.

Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2-ші және 3-ші деңгейлеріндегі әділ құнды өлшеу ақша ағындарының дисконтталған моделін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Белсенді нарықта бағалары белгіленбейтін құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдарының әділ құны тең баланстық құнмен қабылданды. Белсенді нарықта баға белгіленуі жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының әділ құны несие тәуекелділігі мен мерзімі ұқсас

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 наурыз 2026 жыл

жаңа құралдар үшін қарыз нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып, ақша ағындарының дисконтталған моделіне негізделеді.

19 Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2026 ж.				31 желтоқсан 2025 ж.			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді құн	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді құн
Активтер								
Берілген қарыздар	-	139.000.298	-	139.000.298	-	130.066.325		130.066.325
Барлық қаржылық активтер	-	139.000.298	-	139.000.298	-	130.066.325		130.066.325
Міндеттемелер								
Қарыздар және облигациялар	-	137.679.148	-	156.757.880	-	152.984.653		173.394.884
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	137.679.148	-	156.757.880	-	152.984.653		173.394.884

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен өтеуге дейінгі мерзімімен жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы алу күтілетін бағаланатын ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі және белгіленген өтеу мерзімі бар, олар бойынша нарықтық баға белгіленімдері жоқ құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтеу мерзімі бар бағалау ақша ағындарын негізге ала отырып айқындалады.

20 Есептік күннен кейінгі оқиғалар

2026 жылғы 10 сәуірде Қоғам Жалғыз акционерге бір акция үшін 283.54 теңгеден 2.041.053 мың теңге мөлшерінде дивидендтерді толық төледі.

2026 жылғы 6 сәуірде Компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына облигациялар бойынша 1.237.489 мың теңге және 1.736.827 мың теңге сомасына төледі

2026 жылғы 6 мамырда Компания Astana International Exchange алаңында номиналды құны бойынша нақты жиынтық көлемі 731.000 мың қытай юанін құрайтын, айналыс мерзімі 2029 жылғы 10 сәуірге дейінгі облигацияларды (купондық мөлшерлемесі 4,2%) орналастыруды жүзеге асырды.

21 Акциядан түскен пайда

Акцияға шаққандағы базалық пайда / (залал) Компания акционерлерінің үлесіне тиесілі пайданың немесе залалдың бір жыл ішінде орналастырылған жай акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда табысы көбейтілген әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы табысы көбейтілген пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2026 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
Жыл ішіндегі Компания акционерлеріне тиесілі пайда (Қазақстан теңгесімен мың)	(1.591.599)	(3.264.140)
Айналымдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	7.068.926	6.952.267
Бір акцияға шаққандағы Компания акционерлеріне тиесілі пайда (теңгеге дөңгелектегенде)	(225)	(470)

Бір акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің (бұдан әрі - «ҚҚБ») 2010 жылдың 4 қазанындағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер болуы тиіс. 2026 жылғы 31 наурызда Компания басшылығы қаржылық есептілік деректері негізінде есептеген бұл көрсеткіш 92.242 теңгені құрады (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 97.789 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2026 ж.	31 желтоқсан 2025 ж.
Барлық активтер	906.539.998	914.212.569
Минус: материалдық емес активтер	(1.460.399)	(1.151.425)
Минус: барлық міндеттемелер	(241.098.816)	(245.121.312)
Жай акцияларға арналған таза активтер	663.998.744	667.939.832
31 наурыздағы жай акциялардың саны	7.198.467	7.198.467
Бір акцияның баланстық құны, теңге	92.242	97.789